Онды ауылының жергілікті қоғамдастық жиналысының

ХАТТАМАСЫ № 1

Онды ауылы **09 қаңтар 2026 жыл**

Жиналысқа қатысқандар: Жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысқандар – 6 адам. Онды ауылдық округінің әкімі Қ.Жәнібекұлы. Барлығы 7 адам.

Жиналыс төрағасы: **Қ.Көшен**
Жиналыс хатшысы: **Ж.Құбашев**

Күн тәртібі:

«Онды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бөлінген қаражаттарды игеру мәселесі.

Тыңдалды:

Қ.Жәнібекұлы: 2026 жылы «Онды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-не ауылдық округті абаттандыру, көгалдандыру, санитариялық тазалығын күтіп ұстау және көше жарығымен қамтамасыз ету бойынша қаражат түсті. Айта кетейік, Санитариялық тазалыққа 39 117 000 тг, Көше жарығына 20 401 000 тг, Абаттандыру және көгалдандыруға 92 598 000 тг бөлінді.

Қ.Көшен: Көше жарығы бойынша 15 000 000 теңгені Онды, Бекі, Басқұдық ауылдарының көше жарығын күтіп ұстауға бір көзден беруді және көше жарығына электр тоғын қамтамасыз ету үшін 5 401 000 тг бөлуді ұсынамын.

Ж.Құбашев: Абаттандырудың есебіндегі қаражатқа Онды ауылынан 4 аялдама салуға 10 000 000 тг, Онды, Бекі, Басқұдық ауылдарынан 3 расколь салуға 5 000 000 тг, Бекі ауылына жаңа парк салуға 7 000 000 тг, Бекіге алаңын салуға 6 000 000 тг, Онды ауылындағы парктерді күтіп ұстауға 16 000 000 тг бір көзден беруді, Онды ауылының темір ескерткіштерді сырлауға, баннерлер шығаруға 3 500 000 тг бір көзден беруді ұсынамын.

М.Жексенбаев: Ағашты жеріне арнайы соқпақ жол салуға 20 000 000 тг, қалған 25 098 000 тг және қалған эконом қаражаттар Ағаштыға электр тоғын тартуға жұмсалсын.

Қ.Манаш: Санитарияға бөлінген 39 000 000 тг қаражаттың есебінен 2026 жылдың қаңтар және ақпан айларына 2025 жылы ауылдың тазалығын жасаған мекемемен бір көзден санитариялық тазалыққа бір көзден келісімшартқа отырсын.

Жергілікті қоғамдастық жиналысы

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

3) **Жергілікті қоғамдастық мүшелерінің ұсынысы шешім ретінде қабылдансын.**
4) **Онды ауылдық округінің әкімі Қ.Жәнібекұлы аталған қаражаттарды игерсін, құжаттарды конкурсқа ұсынсын.**

Жергілікті қоғамдастық төрағасы **Қ.Көшен**

Жиналыстың хатшысы **Ж.Құбашев**